

ӘОЖ 7.097

Ж. Әбдіжәділқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
E-mail: journalist-teoretic@mail.ru

Ақпарат әлемі және артжурналистика

Мақалада ұлттық өнердің электронды БАҚ-тағы насихаты туралы өзекті мәселелері қарастырылып, осыған орай отандық телеарналардағы эфирлік материалдарға талдау жасалады. Автор аталмыш проблеманы шешудің кейбір қисындарын атап өтіп, өнер тақырыбына жазатын кәсіби журналистер даярлау мақсатында «артжурналистика» деп аталатын пәнді оқу бағдарламасына енгізуді ұсынады.

Түйін сөздер: телеақпарат кеңістігі, ғаламдық ақпарат айналымы, өнер өрісі, артжурналистика.

Zh. Abdizhadilkizi

World of information and art journalism

The articles deals with topical issues of national promotion of art in the electronic media, respectively, the analysis of essential materials domestic channels. The author lists some of the nuances solution of these problems and proposes to introduce the subject in the curriculum of the «Art Journalism» in order to prepare of professional personnel specializing in the coverage of the thematic issues of culture and art.

Key words: space of tv information, global information turnover, the field of art, art journalism.

Ж. Әбдіжәділқызы

Мир информации и артжурналистика

В статье рассматриваются актуальные проблемы пропаганды национального искусства в электронных СМИ, проведен анализ эфирных материалов отечественных телеканалов. Автор перечисляет некоторые нюансы решения названных проблем и предлагает ввести в учебную программу предмет «Арт-журналистика» в целях подготовки профессиональных кадров, специализирующихся на освещении вопросов культуры и искусства.

Ключевые слова: пространство телеинформации, глобальный информационный оборот, сфера искусств, арт-журналистика.

*Өнер – адамзаттың әлі танылмаған дүниені тануына,
тосын жаңалықтарды түсініп қабылдауына,
құпия құбылыстардың сырын ұғып, маңызды ақпараттарды біліп алуына
мүмкіндік беретін нәзік те қуатты,
тіпті, тегеурінді, мейілінше, жасампаз құрал*

Телевизия – жаңалықтар желісі, насихат құралы ғана емес, өнер өрісі мен халық арасындағы біте қайнасқан біртұтас бірегей құбылысты адамзаттың рухани қазынасының кәусар бұлағына айналдыратын ақпарат ғасырының ғаламаты. Сондықтан да телевизияны өнерден, ал өнерді теледидардан бөліп алып, әрқайсысын өз

алдына жеке құбылыс ретінде қарастырудың еш қисыны жоқ. Төртінші билік санатындағы бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі қазіргі таңда ең танымалы, ең тиімдісі, ең пәрмендісі телевизия екенін уақыт дәлелдеп берді. Өзінің өмірді қаз-қалпында көрсете алатын қасиетімен қалың көпшілікті тәнті еткен телевизияның

адамзат өмірінің ажырамас бір бөлшегіне айналып кеткені ақиқат. Ал интерактивтілік, яғни, аралық белсенділікті қолма-қол жүзеге асыратын интернет – журналистиканың икемділігі – компьютердің тілін білетін және ғаламтор жүйесіне қосылу мүмкіндігіне ие болған барша адамзаттың игілігіне қызмет ететіні тағы да айна катесіз ақиқат.

«Тұтастай алғанда, журналистика – өмірде қарапайым дәнекер ғана емес, қоғамның даму үрдістеріне тікелей әсер ете алатын ықпалды күш, азаматтық қоғамның дамуына алғышарт жасайтын, сөз және ақпарат бостандығын қамтамасыз етуге үндейтін маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Қазіргі тәуелсіз еліміздің аясында журналистика қоғамдық сананы дамытудың факторы, бұқаралық ақпараттық қызмет саласы ретінде жаңаша бағытта өрістей бастады»[1]. Ұлттық тележурналистиканың жаңа тарихы бізді экран бетінде орын алған көптеген ауқымды өзгерістердің куәсі етті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт аралығында, яғни, соңғы 15-20 жылдың көлемінде отандық телеарналардың бет-бейнесі айтарлықтай өзгерді. Бұл шын мәніндегі елеулі қайта құрулар сандық жағынан емес, сапалық жағынан да көрініс тауып, кәдімгідей айқын аңғарылуда. Телеөндіріс саласына нарықтық қатынастардың енгізілуіне байланысты ұлттық телеақпарат кеңістігінде көп салалы, сан алуан бағдарламалы жүйенің даму үрдісі кең қанат жайды. Бұрын бір ғана телеарнаның көгілдір экранына көз тіккен көрермен аудиториясы телеарналарға, соның ішінде телебағдарламаларға таңдау жасау мүмкіндігіне ие болды. Әлбетте, телетуындының, телевизия қызметкерлерінің, тұтастай алғанда, телеарналардың ең басты төрешісі – көрермен. Телеарналардың гүлденуі де, құлдырауы да тікелей көрерменге байланысты. Өзінің тарихи шежіресімен, ұлттық сипатымен, еліміздегі телеақпарат кеңістігіндегі ауқымды аудиториясымен айрықшаланатын бойынша «Қазақстан» ұлттық арнасы «6+ яғни, алты жастан жоғары қазақ тілді, сондай-ақ, қазақ және орыс тілді көрермендер бағамында бірінші және екінші орындарға тұрақтаған болатын. «TNS Gallup Media Asia» зерттеу компаниясының мәліметтері бойынша «Қазақстан» ұлттық арнасы жалпы саны 8,3 млн адамды құрайтын шағын қалалар мен аудандар, ауыл тұрғындары арасындағы орташа тәуліктік үлес көрсеткішімен бірінші орында келе жатыр» [2]. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық арна қазақ тілді аудиторияда ғана емес, сонымен

қатар, барлық телевизиялық аудитория бойынша отандық телеарналардың алдына шығып, өзінің көшбасшылық позициясын нық ұстап тұр.

«Қазіргі таңда журналистиканың теориясымен шұғылданатын ғалымдар арасында екі жақты көзқарас бар. Мұның өзі – «БАҚ қоғамдық пікірді таратумен айналысуы керек пе, әлде қоғамдық пікірді қалыптастыруы керек пе?» деген сауал төңірегінде туындап, екі бағытқа бөлінген мәселе деуге болады. Алғашқы пікірді ұстанушылар масс-медиа қоғамдық процестерден бейтарап тұрып, тек шынайы шұғыл ақпарат таратумен айналысуы тиіс деп түйіндейді. Ал келесі топ БАҚ-тың идеологиялық функциясына басым бағыт берілгені дұрыс деп есетейді» [3]. Тұрасын айту керек, бүгінгі ақпарат ғасырындағы ақпараттық қоғам заманында ақпараттар тасқыны толассыз, жаңалықтар легі жеткілікті. Бұл ретте, дөңгеленген дүние ақпаратқа толы кезеңде еліміздің ақпарат кеңістігі ғаламдық ақпараттық айналымнан тыс қалуы мүмкін емес. Жаңа қоғам, жаңа проблемалар мен жаңа перспективалар, жаңа көзқарастар.

Жылдар жылжып, ел жаңарған сайын жаңара түсіп, қайта айналып соға беретін мәңгілік тақырып – ұлт ұрпағының тәрбиесі. Ұрпақ тәрбиесінде әлем халықтары өзінің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи тәжірибесін қолданады. Келешек иелерін тәрбиелеудің негізі – өткен заманнан қалған бай мұра. Бүгінгі тәрбие үрдісін халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүр сабақтастығымен, мәдениетінің мәйегі мен өнерінің өзегі болып табылатын рухани қазынасымен қатар өрбіте отырып жаңарту – уақыт талабы. Бұл мәселеге келгенде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Туған халқына шындап жаны ашитын адам ең алдымен, өз мемлекетін, конституциясын қадірлесін, әйтпесе, өз мемлекетіне жаны ашымайтын, сол жолда нақты іс атқармайтын адамның халықшыл болып, отаншыл болып қарық қылмайтыны белгілі. Мұны, әсіресе, ақпарат құралдары есте ұстауға тиісті. Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттілігімізді қастерлеуге, барша халықты тәрбиелеуге мұқият мән беруге міндетті» [4], – деп БАҚ-тың тәрбие құралы ретіндегі рөлі мен осы орайдағы функциясын қадап айтқан болатын. Ой таразысына салып салмақтасақ, заман үніне үн қосу үшін екінші ұстанымның, яғни, БАҚ-тың идеологиялық құрал ретіндегі рөлінің маңызын адал әрі терең түсінген абзал. Өйткені, өз идеологиямызды насихаттай алмасақ, қалың бұқара өзгенің мәдениетіне мойынсұнып кетуі ғажап емес. Себебі, қазақта өнер бар, ал өнердің

насихаты жоқ. Қазіргі ұрпақ нағыз қазақ әнінің қандай болғанын, қандай болуы керек екенін, қандай мақамда, қалай орындалуы керек екенін білмейді. Тәуелсіз арналарды былай қойғанда, қазақтың маңдайына біткен жалғыз ұлттық, мемлекеттік, тарихи арна – «Қазақстан» ұлттық телеарнасының өзінде қазақ өнерін насихаттайтын телебағдарламалар топтамасы жоқтың қасы. Бір ғана мысал: 15-35 жас аралығындағы аудитория тартылмаған. Өйткені, олардың талап-тілегін, талғамын толығымен қанағаттандыратын музыкалық формат жоқ. Ол не деген сөз. Қазіргі таңда беріліп жүрген бағдарламаларда өнердің барлық саласы қамтылмаған. Қазақ халқының би мәдениеті ежелден-ақ белгілі болған. Би ұлттық өнердің басқа да түрі сияқты халық тұрмысына берік еніп, олардың әдет-ғұрып ерекшелігі мен іс-әрекетін бейнелейтін өнерге айналды. «Өрмек» би, «Ортеке» би, «Қара жорға», «Тепеңкөк» билері ежелгі би мәдениетінің куәсі. Бишілік өнер импровизациялық тұрғыда орындалып, эмоциялық жарқын сипат, хореографиялық көріністермен ұштастырылып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Бірақ, би өнерінің бастауы, негізін салған тарихи тұлғалар туралы сол саланың дәріскерлері мен студенттері болмаса көп ешкім біле бермейді. Өйткені, балет, модерн, әлем халықтарының билері т.с.с. сала-саласы тұрмақ, би өнерінің өзі туралы бағдарлама түгілі арнайы бір айдар да жоқ. Ал би өнеріне маңдай терін төгіп, толассыз табанды еңбек етіп келе жатқан білікті ұстаздар мен майталман тәлімгерлер қаншама. Музыка жанрлары мен бағыттарын талдап, түсіндіріп, музыкалық шығармаларды нақты мысал ретінде ұсынатын, оның шығу тарихы мен эстетикалық мән-мағынасын баяндайтын телехабарлар да тапшы.

Бұл мәселеде ұлттық тележурналистиканың өткен тарихын көкірек көзімен шолып, үлгі-өнеге болатын дерек пен дәйек іздеп көрелік.

Тарих қойнауындағы бұлтартпас айғаққа айналған 70-80-жылдардағы қазақ телевизиясының шығармашылық жұмысының ұлттық тележурналистиканың қазақ өнерін насихаттаудағы ең жемісті кезеңі болғанын астын сызып айтқан дұрыс. Зерттеуші-ғалым Ғ. Ыбыраеваның еңбегіндегі мәліметтерге сүйенсек, «79-жылғы эфирдің орташа тәуліктік хабар уақытының 50 пайызын өнер тақырыбына арналған телехабарлар құраған екен» [5].

«Жетпісінші жылдары теледидарда өзіміздің ұлттық тәлтуындыларды жасау талпынысы ерекше етек алды. Сол кездері теледраматур-

гияны өрістетуге, шағын экранның ерекшелігіне сай қойылымдар әзірлеу, ұлттық дәстүрді, өнерді, әдет-ғұрыпты насихаттау мәселесіне мейлінше көбірек көңіл бөлінді. Соның басты бір айғағы 25 сериялы «Қымызхана» әзіл-сықақ отауы еді» [6]. Сол жылдары Қазақ телевизиясының шығармашылық қазанында қайнаған телеөнер тарландарының бірі С. Оразалы телеэкрандағы ұлттық өнердің салтанат құрған саликалы сәттерін ерекше ілтипатпен еске алады. Осы тұрғыдан алғанда дәл қазіргі таңдағы ұлттық өнерді насихаттауға арналған телебағдарламаларды сол Қазақ телевизиясының жұлдызды жылдарындағы өнердің тасы өрге домалаған сауатты да саликалы телебағдарламаларымен саны жағынан да сапасы жағынан да салыстыруға келмейді. Өйткені, қоғамның құрылымдық сипатымен бірге ойлау жүйесі де өзгерді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев мемлекет халқының басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын аша отырып, мұндай мағыналы құбылысқа өзіндік бағасын берді: «Адамдардың ой жүйесін бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Оның есесіне мемлекет өзгерістер үдерісін мейлінше маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру арқылы жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ұзақ жылдар қажет болады» [7]. Қазақ халқының рухани және материалдық игіліктерін арттыру үшін алда атқарылар іс ауқымды әрі қыруар. Қалың жұртшылықтың ақыл-ой мәдениетін, білімін, ұлттық сана-сезімін, өресін, дүниетаным деңгейін көтермейінше, ілгері қадам баса алмаймыз. Мағжан Жұмабаев айтқандай, шын мәнінде «Елдің елдігін сақтап қалатын өшпес өзегі – сол ұлттың өнері, тарихы, дәстүр-салты» [8]. Бүгінгі баяндалған біршама ойымызды қорытындылай келе мына төмендегідей ұсыныстарды ойталқы ретінде ортаға салуды жөн көрдік:

«Қазақ өнері және өркениет өрісі»; «Ұлттық өнер және әлемдік деңгей»; «Ұлттық өнердің заманауи проблемалары мен перспективалары» т.с.с. тұрақты түрде берілетін телебағдарламалар, тіпті болмаса, телебағдарлама аясында айдар ашу; ұлттық өнердің түп қазығы мен даму бағытын зерттеп-зерделеген тарихи-танымдық деректі фильмдер түсіру (Шара Жиенқұлова туралы бейнематериалдан басқа ұлттық би туралы бірде-бір телетуынды жоқ екенін айтсақ та жеткілікті).

2 Өнер саласының мамандарын даярлайтын оқу орындарында ұлттық өнерді насихаттайтын айшықты ақпараттарды көз тартатын көрнекті құрал ретінде орналастыру, яғни, сыртқы жарнама, баннер, инфографика, бейнематериал ретінде қолданысқа енгізу;

Абайдың «Заманақыр жастары, қосылмас еш бастары» деген болжамы тек жастарға емес, үлкен-кішімізге бірдей айтылған ескерту іспетті. Бұл ретте, еліміздегі білім, ғылым, өнер т.с.с басқа да барлық салалардың, тіпті, білім ордаларының, оның ішіндегі құрылымдық жүйеде, теориктер мен практиктердің арасында үйлесімділік, үндестік, бірізділік, жүйелілік – бір сөзбен айтқанда, бірімізді-біріміз толықтырып тұратын ауызбіршілік керек.

Қазақстандағы бүкіл БАҚ-тың негізгі тақырыбына айналуға тиісті мәселе – ұлт ұрпағының тәрбиесі. Осы орайда, «Қазақ – қабілетті, талантты халық, әлемдік өркениет өрісінде қазақ өнерінің өз орны бар» деген салиқалы – сындарлы идеология қажет» [9]. Бұл ретте, ұлт өнерін ұлықтап, дүйім жұртқа паш ету шын мәнінде, дәл қазір ұлы мүмкіндікке ие болып отырған электронды БАҚ-тың құзырындағы игілікті іс. Себебі көзі ашық, көкірегі ояу көпшілік қауым қажетті ақпаратты ең алдымен, әлеуметтік желі-

лерден (facebook, twitter, instagram, В-kontakte), мәдени-ақпараттық сайттардан тауып қарап алады. Сондықтан да, өнер мамандарын даярлайтын оқу орындарының есеп беру концерттерін республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленген концерттік қойылымдарын онлайн нұсқасында сайттарға жариялау қажет.

Әлбетте, суретші қылқаламның ұшымен, биші қимылдың сан қилы ырғағымен т.с.с. өнерлерін паш етеді. Бірақ, сол керемет өнердің құдірет күшін, тылсым табиғатын, терең мағынасын тілмен айтып жеткізе алмайды. Дәл осы арада өнерді сөз сиқырымен сомдап, нақышына келтіре насихаттайтын кәсіби журналистердің қолтаңбасы қажет екені даусыз. Ендеше, ең соңғы және басты ұсыныс – электронды БАҚ-та радио-да, теледидарда, интернет сайттарында өнер тақырыбын ұсынатын радиошолушылар, телекомментаторлар, блоггерлер, PR мамандар (PR manager) даярлайтын арнайы шифр бойынша мамандандыру бағытын ашу.

Иә, «Кеңеспеген білім өседі, кеңескен білім өседі» – деп Махмұд Қашқари бабамыз айтқандай, ұлттық өнер насихатын сіздер мен біздер болып қолға алып, жолға қою – уақыт талабы.

Әдебиеттер

- 1 Нуриден Р. Қазақ рухани журналистикасы. – Павлодар, 2012. – 3-4 бб.
- 2 TNS Gallup Media Asia» компаниясының зерттеу материалдары. – Алматы, 2013. – 28-30 бб.
- 3 Омашұлы Н. Журналист елжанды болса дейміз // Егемен Қазақстан, 4 сәуір 2013ж.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Қалың елім, қазағым. – Алматы: Өнер, 1998. – 304-305 бб.
- 5 Ибраева Г. Телевидение Казахстана в условиях становления демократической государственности. – Алматы: Қазақ университеті, «1995. – С.27.
- 6 Оразалы С. Теледидар өнері. – Астана: Фолиант, 2011. – 48- 49 бб.
- 7 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Өнер, 2001. – 304-305 бб.
- 8 Жұмабаев М. Ақылдың кені (афоризмдер жинағы). – Алматы: Қазақстан, 1991. – 71- 72 бб.
- 9 Нұрғазин Н. Қазақ телеарналарына көрермендер неге өкпелі?// Ана тілі, 2007 ж. – 17 ақпан.

References

- 1 Nuriden R. Kazakh ruhani jurnalistikaci. – Pavlodar, 2012. 3- 4p.
- 2 «TNS Gallup Media Asia» kompaniacining zertteu materialdari. – Almaty, 2013. 28-30 p.
- 3 Omashyli N. Jyralist eljandi bolca deimiz // Egemen Kazakhstan , 4 sauir 2013.
- 4 Nazarbaev N.A. Kalin elim, kazagim. – Almaty : «Oner»,1998 . 304-305 p.
- 5 Ibraeva G. Televidenie Kazahkstana v ysloviah stanovlenie demokratishekskoj gocudarstvennosti. – Almaty : «Kazahk university », «1995, p.27.
- 6 Orazali S. Teledidar oneri. – Astana: «Foliant « baspasi , 2011,48- 49 p.
- 7 Nazarbaev N.A Tarihi tolkininda. – Almaty : «Oner», 2001 . 304-305 p.
- 8 Jumabaev M. Akilding keni. – Almaty: «Қазақстан» 1991. 71- 72 p.
- 9 Nyrgazin N. Kazahk telearnalarina korermtnder nege okpeli?// «Ana tili» 2007. 17 akpan.